

## БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысында  
білім беруді дамытудың  
оқу-әдістемелік орталығының  
директоры



Абдикерова Б.Х.

» 10 2021ж.

## «Үздік логопед - 2021» облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

- 1.1.** «Үздік логопед - 2021» облыстық байқауы (одан әрі - Байқау) стажерлық алаңы жұмысының шеңберінде логопедтер үшін Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығымен өткізіледі.
- 1.2.** Байқау мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының логопедтері, жалпы білім беретін мектептердің, арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының, Қарағанды облысының балалар үйлері мен ведомстволық емес ұйымдарының мұғалім - логопедтері арасында өткізіледі. Байқау 2 кезеңнен тұрады: іріктеу (қашықтан) және қорытынды кезең.

### 2. Байқаудың мақсаты мен міндеті

- 2.1. Мақсаты:** мұғалім-логопедтердің заманауи қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту шеңберінде кәсіби шеберлігін арттыру.
- 2.2. Міндеттері:**
- білім беру ұйымдарының түзету үрдісіне әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;
  - тиімді құралдарды, формаларды, жұмыстың инновациялық әдістерін және заманауи білім беру технологияларын анықтау;
  - шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім-логопедтерді қолдау;
  - мұғалім-логопедтердің шығармашылық бастамасын дамыту;

### 3. Байқау қатысушылары

- 3.1.** Облыстық байқауға Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының логопедтері қатысады.
- 3.2.** Қатысушылардың жасы шектелмейді, педагогикалық өтілім мен біліктілік санаты ескерілмейді.
- 3.3.** Қатысушылар Байқауға жеке тәжірибе жұмыстарын және жеке әзірлемелерінің материалдарын ұсынады. Үшінші тұлғалардың (басқалар) зияткерлік құқықтарын бұзғаны үшін жауапты болады.

### 4. Іріктеу кезеңі

- 4.1.** Байқау 2021 жылдың 01 қарашадан бастап 16 қарашаға дейін екі номинация бойынша өткізіледі:
- «Әдістемелік әзірleme» - логопедиялық жаттығулардың әзірлемесі, шеберлік – класс сценарийлері, кеңестер, тренингтер, семинарлар және т.с.с.;
  - «Логопедиялық ойынхана» - мақсаттары, сипаттары, түсініктемелері көрсетілген авторлық логопедиялық ойындар, құралдар, карточкалар, таратпа материалдары және т.б.

Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша байқаудың екінші финалдық кезеңіне қатысушылар анықталатын болады.

**4.2.** 2021 жылдың 16 қарашасына дейін байқау материалдарын қазақ, орыс тілдерінде электрондық поштаға **logokrg2021@mail.ru** қабылданады.

**4.3.** Байқау материалдары келесі мазмұнды қамтиды:

- өтінім-сауалнама, міндетті түрде педагогтің толық аты – жөні, білім беру ұйымы атауы және лауазымы көрсетілуі қажет:

#### **Өтінім-сауалнама үлгісі**

Т.А.Ә.	Аймақ	Білім беру ұйымы	Лауазымы	Байланыс мәліметтері
Иванов Иван Иванович	Шахтинск қ.	«АМИ№1» КММ	Мұғалім- логопед	Ұялы тел. 8 777 674 45 47

- байқау материалының электрондық нұсқасы;

- жеке бас куәлігінің көшірмесі.

**4.4.** Байқау материалдары келесі критерийлер арқылы бағаланады:

- байқау материалдарының маңыздылығы және түпнұсқалығы;

- мақсат-міндетінің сауаттылығы;

- педагогикалық әдіс-тәсілдерді нақтылығы. Балалардың белсенді қызметіне тиімді бағытталған техникалар мен әдістемелерді қолдану;

- материал мазмұны логикаға сай болуы, әдістемелік толық сипаты бар;

- байқау материалының тиімділігі үшін қосымша элементтерді, техникалық мүмкіндіктерін пайдалану;

- креативті идеялар, инновациялық мазмұны бар. Байқау материалын ұсынудағы шығармашыл, инновациялы және кәсіби тәсілдердің қамтылуы;

- өзге білім беру ұйымдары пайдалана алуы үшін, материалдардың технологиялық тұрғыда сауатты құрылуы.

### **5. Байқаудың қорытындысын шығару кезеңі**

**5.1.** Байқаудың соңғы кезеңі 2021 жылдың желтоқсан айында көрермендер алдында ашық түрде өткізіледі (ZOOM конференциясы арқылы).

**5.2.** Финалдық кезең келесі байқаулардан тұрады:

**1. «Логопедтің визит карточкасы» шығармашылық байқауы.**

Қатысушылар өздерін қызықты түрде таныстырулары керек, қайталанбайтын, коммуникативтік, креативтік т.б. қасиеттерін және көрсетулері қажет.

Регламент – 3 минут.

Жоғары ұпай – 20.

**Бағалау өлшемдері (5 ұпай):**

1. Баяндаманың анықтығы мен дәйектілігі, өзіндік ерекшелігі.

2. Жалпы және кәсіби эрудиция.

3. Мәдениет және сөздің дұрыстығы.

4. Креативті және стандартты емес ұсыным.

**2. «Презентация» тәжірибелік байқауы.** Авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсыныстар және т.б. презентация көрсету (слайдтарды, бейнероликтерді пайдалануға болады).

Регламент – 7 минут.

Жоғары ұпай – 25 минут.

**Бағалау өлшемдері (5 ұпай):**

1. Өзектілігі.
2. Қойылған мақсаттарға мазмұнының сәйкестілігі.
3. Ғылыми негіздемесі.
4. Нәтижелілігі, тиімділігі.
5. Мазмұндылығы және идеялардың түпнұсқалылығы.

**3. Шеберлік-классы «Логопедиялық практика құпиялары».** Практикалық қызметте пайдаланылатын технологияларды, әдістерді, тәсілдерді, жаттығуларды түзету үдерісінде кез келген қатысушалармен көрсете білу (5 адамнан артық емес). Регламент – 10 минут. Жоғары ұпай - 25 минут.

**Бағалау өлшемдері (5 ұпай):**

1. Логопедтің пәндік кәсібі, біліктілігі.
2. Ақпараттың жеткіліктілігі, қысқалығы (қатысушы қызметінің негізгі идеяларын қысқа уақыт ішінде білу)
3. Түпнұсқалылығы.
4. Жалпы мәдениеті.
5. Оңтайлы психологиялық атмосфера құру.

#### **6. Байқаудың жеңімпаздарын анықтау және марапаттау**

**6.1.** Байқаудың қатысушыларының материалдарын білікті әділ-қазылар бағалайды.

**6.2.** Байқаудың қатысушылары дипломмен және алғыс хаттармен марапатталады.